Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына
03.08.2021 жылғы № 286 5-қосымша
бойынша нысан

«Seven Rivers Technologies» ЖШС-нің «Қызылорда облысында «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шыны сынықтары түрінде қайта өңдеу және жылына 240 миллион дана (тәулігіне 280 тонна шыны массасы) шыны ыдыс өндіру зауытын салу» жұмыс жобасына Ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс түрінде өткен қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:
- «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-сі;

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Seven Rivers Technologies» ЖШС-нің «Қызылорда облысында «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шыны сынықтары түрінде қайта өңдеу және жылына 240 миллион дана (тәулігіне 280 тонна шыны массасы) шыны ыдыс өндіру зауытын салу» жұмыс жобасына Ықтимал әсерлер туралы есебі.
(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:
- ҚР ЭТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК-ы.
- «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-сі.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Титов шағын ауданы, «Өндіріс» индустриялық аймағы, кадастрлық нөмірі 10-156-039-4858 учаске. Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары:

№ р/с	Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары	
	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	44°53'35.98"	65°25'24.10"
2	44°53'47.26"	65°25'40.28"
3	44°54'17.32"	65°25'40.15"
4	44°54'25.84"	65°25'42.20"
5	44°54'24.92"	65°25'51.18"
6	44°54'22.94"	65°26'0.25"
7	44°54'17.26"	65°26'8.49"
8	44°54'11.47"	65°26'15.66"
9	44°54'5.36"	65°26'27.58"
10	44°53'59.84"	65°26'17.17"
11	44°53'53.00"	65°25'58.03"
12	44°53'41.01"	65°25'42.25"

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Қызылорда облысы, Қызылорда қ. (Әкімшілік тұрғыдан зауыт құрылысына бөлінген жер учаскесі Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Титов шағын ауданы, «Өндіріс» индустриялық аймағында орналасқан).
(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Seven Rivers Technologies» ЖШС-і (БСН 230540027195). Қызылорда облысы, 120000, Қызылорда қ., Амангелді Иманов көшесі, 110, тұрғын емес үй-жай, 4а. Тел.: +7-777-700-77-00, e-mail: info@sevenrivers.tech.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Tau Engineering and Consultants» ЖШС-і (БСН 030540007753). ҚР, 050000, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5, тұрғын емес үй-жай, 13. Тел.: +7-771-554-29-17, e-mail: gulzira.m@tauengineers.com.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): 20.02.2026 жылы, қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеудің басталуы сағат 14:30-да, қоғамдық тыңдаулардың басталуы сағат 15:00-те, өткізілетін орны: Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 12, «Бастау» бизнес орталығы, 2-қабат мекенжайы бойынша. Сондай-ақ онлайн ZOOM-конференция арқылы https://us06web.zoom.us/j/88410170491?pwd=ItaaSxhzB35UXKZy0kl2cUtpudcDMD.1 сілтеме бойынша. Конференция идентификаторы: 884 1017 0491. Кіру коды: 902512. Қоғамдық тыңдаудың басталу және аяқталу уақыты-15:15-15:50.

(*атысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Сұрау-хаттың және жауап-хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 1-інші қосымшада ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тізімі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 2-інші қосымшасында көрсетілген.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) ҚОТРМБМЖ ақпараттық жүйесінің «Ашық жиналыстар» бөлімінде: https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=30529, 16.01.2026 жылғы басылым;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/press/article/details/222994?directionId=_3572&lang=ru. 16.01.2026 жылғы басылым;

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Сыр Бойы» газетінің 15.01.2026 жылғы №6 (21081). Газеттің сканерленген беттері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 3-інші қосымшасында берілген.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Qyzylorda» телеарнасы, жалға алу күні 15.01.2026 жылы. Хабарландырудың бейнежазбасы https://youtu.be/zi8Cc4DI05s электрондық жеткізгіште ұсынылған. Эфирлік анықтамасы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 4-інші қосымшада берілген.

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Жахаев көшесі, 16 мекенжайы бойынша Қызылорда қаласы әкімдігі ғимаратының ақпараттық тақтасында 1 дана хабарландыру. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 5-інші қосымшада ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы – Косжанова Алма Сейсенбековна, «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-сінің әдіскері. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып Ермекбаев Арман Серикович – «Seven Rivers Technologies» ЖШС-інің өкілі тағайындалды. Дауыс беру нәтижелері: «қолдады» – **21 тіркелген қатысушылар**, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалды» – **11 қатысушы (онлайн)**.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету)

Қоғамдық тыңдаулар регламенті:

1. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу сағат 14:30-дан 15:00-ке дейін;
2. Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаулардың ашылуы;
3. Негізгі баяндамашының сөз сөйлеуі – презентацияға 20 минутқа дейін;
4. Қоғамдық тыңдаулар тақырыбы бойынша барлық сөйлеген сөздерден кейін-сұрақ-жауап уақыты. Сұрақтар нақты тұжырымдалуы, жобаның мәнін көрсетуі және қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы болуы керек;
5. Сұрақтарға жауаптар - 5 минутқа дейін;
6. Бастамашыл сөз сөйлеушілер-5 минутқа дейін;
7. Хаттаманы дайындау үшін бейнежазба жүргізіледі;
8. Қоғамдық тыңдауларды 15 минутқа дейін қорытындылау;
9. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасын хатшы дайындайды және оған жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылар регламентті бекітті: «қолдады» – **21 тіркелген қатысушылар**, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалды» – **11 қатысушы (онлайн)**.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: «қарсы емес», «қарсы», «қалыс қалды»)

Осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес себептерін көрсете отырып, қоғамдық тыңдауларды жарамсыз деп тану туралы: қоғамдық тыңдаулар мүдделі жұртшылықтың және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуына байланысты **өтті деп танылды**.

осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес себептерді көрсете отырып, қоғамдық Тыңдаулар өткізілмеді деп тану туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деп дауыс бергендер санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: Жобалаушы, эколог – Асанов Даулет Асанович *(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*.

Тыңдаулар кезінде сөз сөйлегендер: ықтимал әсерлер және қабылданған табиғат қорғау іс-шаралары туралы, Асанов Д.А., презентация 17 слайдтан тұрады *(баяндама тақырыбы, беттер, слайдтар, файлдар, плакаттар, сызбалар саны)*

Қоғамдық тыңдауларға шығарылған презентациялары осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі (6-ншы қосымша).

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

*Қоғамдық тыңдаулар **алдында** келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:*

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар	Ескертулерге жауаптар
1	Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің *(Бұдан әрі – Кодекс)* 245 бабының 3 тармағына сәйкес, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар қатаң сақталуы қажет. Кодекстің 321-бабына сәйкес, қалдықтарды жинау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар осы Кодекстің талаптарына сәйкес қалдықтарды бөлек жинауды қамтамасыз етуге міндетті. Қалдықтарды одан әрі мамандандырылған басқаруды оңайлату мақсатында оларды түрлері немесе топтары бойынша бөлек жинау қалдықтарды бөлек жинау деп түсініледі. Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің талаптарына сәйкес және техникалық, экономикалық және экологиялық тұрғыдан орындылығын ескере отырып айқындалуы қажет. Сонымен қатар, жергілікті елді мекенге дейінгі ара қашықтық «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығының талаптары сақтала отырып орналасуы қажет. Белгіленіп отырған қызмет барысында, кодекстің барлық талаптарының сақталуы қамтамасыз етілуі міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес объектіні көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға және оның компоненттеріне кері әсерін барынша азайтуды ұсынады.	Шыны ыдыс зауытын салу жобасын іске асыру кезінде қала құрылысы және құрылыс қызметі барысында экологиялық талаптар толық көлемде сақталатын болады. Жобалық құжаттама ҚР Экологиялық кодексінің және қолданыстағы нормативтердің талаптарын ескере отырып әзірленуде, құрылыс және пайдалану кезеңіне арналған табиғатты қорғау іс-шаралары (шаң басу, құрылыс алаңын ұйымдастыру, топырақ пен судың ластануын болдырмау, қалдықтарды басқару, өндірістік бақылау) көзделген. Экологиялық міндеттемелер мен іс-шаралар Ықтимал әсерлер туралы есептің (бұдан әрі – Есеп) материалдарында және жобалық шешімдерде келтірілген. ҚР ЭК 320-бабының 2-тармағына сәйкес қалдықтарды 6 айдан аспайтын мерзімге уақытша жинақтай отырып, бөлек жинау және шарт негізінде тапсыру көзделген (Есептің 6.1.2-бөлімі, 6-3-бет). Жобада техникалық, экономикалық және экологиялық орындылықты ескере отырып, уәкілетті орган белгілеген бөлек жиналуға жататын қалдықтар тізбесіне қойылатын талаптарды сақтау қарастырылған. Қалдықтардың тізбесі, оларды бөлек жинақтау тәртібі, сақтау мерзімдері, тапсыру шарттары және басқару маршруттары жобалық шешімдер мен Экологиялық кодекстің талаптары (оның ішінде қалдықтар иерархиясы) негізінде айқындалған (Есептің 1.12 және 6-бөлімдерін қараңыз). Объектіні орналастыру санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылған. Кәсіпорын үшін 1000 м санитариялық-қорғау аймағы көзделген; СҚА бойынша шешімдер және әсерді азайту шаралары (оның ішінде шаң/шу/шығарындылар) жобалық құжаттамада және экологиялық бағалау материалдарында қарастырылған. Ең жақын тұрғын аймақ өндірістік алаңнан 1,5 км қашықтықта орналасқан. Қосымша ретінде санитариялық-қорғау аймағын көгалдандыру және шығарындылар көздерінде, СҚА шекарасында және ең жақын тұрғын құрылыста нормативтердің сақталуын растау үшін әсер ету факторларына өндірістік бақылау жүргізу шаралары көзделген. ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын сақтау жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде қамтамасыз етіледі: құрылыс, іске қосу-баптау, пайдалану. Кәсіпорын қажетті экологиялық рұқсат құжаттары негізінде жұмыс істейтін болады, бекітілген табиғатты қорғау іс-шараларын орындай отырып, шығарындылар мен қалдықтарға есеп жүргізіп, мониторинг пен есептілікті белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. №280 Нұсқаулыққа сәйкес жобаны іске асыру кезінде қоршаған ортаға және оның компоненттеріне теріс әсерді барынша азайту жөніндегі кешенді шаралар көзделген, оның ішінде: • шығарындылар мен шаң түзілуін азайту

			шаралары (жер жұмыстары және тасымалдау кезінде шаң басу, құрылыс алаңындағы ұйымдастырушылық шаралар); • қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын сақтау (бөлек жинақтау, уақтылы шығару, мамандандырылған ұйымдарға тапсыру); • топырақ пен судың ластануын болдырмау шаралары (ағып кетулерді болдырмау, материалдарды сақтау бақылауы, төтенше жағдайларға әрекет ету тәртібі); • шудан қорғау және өндірістік бақылау шаралары; • санитариялық-қорғау аймағын көгалдандыру іс-шаралары.
2	Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті	Для обеспечения санитарно-эпидемиологического благополучия населения, при строительстве завода по переработке твердых бытовых отходов в виде стеклобоя и выпуску стеклянной тары производительностью 240 миллионов единиц в год (280 тонн стекломассы в сутки) в Кызылординской области, необходимо учитывать требования санитарного законодательства. В соответствии со статьей 46 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI ЗРК «О здоровье народа и системе здравоохранения», проектная документация «Строительство завода по переработке твердых бытовых отходов в виде стеклобоя и выпуску стеклянной тары производительностью 240 миллионов единиц в год (280 тонн стекломассы в сутки) в Кызылординской области» ТОО «Seven Rivers Technologies» подлежит санитарно-эпидемиологической экспертизе. Согласно пункту 4 главы 2 санитарных правил, утвержденных приказом и.о. министра здравоохранения Республики Казахстан от 11 января 2022 года № ҚР ДСМ-2 «Санитарно-эпидемиологические требования к санитарно-защитным зонам объектов, являющихся объектами воздействия на среду обитания и здоровье человека» (далее – СП № ҚР ДСМ-2), санитарно-защитная зона (далее-СЗЗ) устанавливается вокруг объектов, являющихся объектами (источниками) воздействия на среду обитания и здоровье человека, с целью обеспечения безопасности населения, размер которой обеспечивает уменьшение воздействия загрязнения на атмосферный воздух (химического, биологического, физического) до значений, установленных гигиеническими нормативами, утверждаемых согласно подпункту 113) пункта 15 Положения (далее – гигиенические нормативы), а для объектов I и II класса опасности – как до значений, установленных гигиеническими нормативами, так и до величин приемлемого риска для здоровья населения. По своему функциональному назначению СЗЗ является защитным барьером, обеспечивающим уровень безопасности населения при эксплуатации объекта в штатном режиме. В соответствии с пунктом 36 СП № ҚР ДСМ-2 проектирование СЗЗ осуществляется на всех этапах разработки предпроектной и проектной документации (градостроительной документации, проектов строительства, реконструкции или технического перевооружения действующего объекта и (или) группы объектов, объединенных в территориальный	При реализации проекта строительства стеклотарного завода требования санитарного законодательства РК будут соблюдены в полном объёме. Проектом предусмотрены мероприятия по обеспечению санитарно-эпидемиологического благополучия населения, включая соблюдение гигиенических нормативов по качеству атмосферного воздуха, уровню шума и иных физических факторов, организацию санитарно-защитной зоны (СЗЗ), а также проведение производственного контроля. В соответствии со статьёй 46 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI «О здоровье народа и системе здравоохранения», получение санитарно-эпидемиологического заключения будет обеспечено в установленном законодательством порядке. Обоснование размера санитарно-защитной зоны выполнено на этапе разработки проектной документации с проведением расчётов рассеивания загрязняющих веществ, расчетов рисков здоровья населению, совокупности показателей и оценки физических факторов воздействия. Обоснование размера СЗЗ осуществлено в соответствии с требованиями санитарных правил и будет представлено в составе проектной документации. Граница СЗЗ Завода принята в размере **1000 метров** и определена по наибольшему расчетному радиусу **границы территории (промышленной площадки) Завода**, расположенных в границах промышленной площадки предприятия. На ее границе, по материалам расчётов рассеивания и акустического расчёта, отсутствует негативное воздействие на окружающую среду и здоровье людей. В пределах выбранной зоны концентрации загрязняющих веществ и уровни шума снижаются до нормативных величин. В **санитарно-защитную зону объекта не попадают** жилые дома и жилищные территории, организации образования (школы, детские сады и пр.), медицинские организации, зоны отдыха населения и другие чувствительные объекты. Ближайшая жилая зона, расположена в ~1,5 км к юго-востоку от завода, то есть значительно дальше границы СЗЗ. В соответствии со статьёй 20 Кодекса «О здоровье народа и системе здравоохранения» и пунктом 9 СП № ҚР ДСМ-2: • на этапе проектирования устанавливается расчётная (предварительная) СЗЗ, выполненная на

		промышленный комплекс (промышленный узел)). Проектирование и обоснование размеров СЗЗ осуществляется хозяйствующим субъектом соответствующих объектов в соответствии с требованиями, изложенными в настоящих Санитарных правилах. Обоснование размера СЗЗ является подтверждением размера СЗЗ, определяемого на полную проектную мощность объекта для работы в штатном режиме, наиболее неблагоприятных условий рассеивания выбросов, изучения аналогов отрицательных и положительных эффектов воздействия на среду обитания и здоровье человека. На основании статьи 20 Кодекса «О здоровье народа и системе здравоохранения» и пункта 9 СП № ҚР ДСМ-2, необходимо установить СЗЗ расчетную (предварительную), выполненную на основании проекта с расчетами рассеивания загрязнения атмосферного воздуха и физического воздействия на атмосферный воздух (шум, вибрация, ЭМП и другие физические факторы) и установленную (окончательную) - на основании результатов годичного цикла натурных исследований и измерений для подтверждения расчетных параметров. В связи с этим, необходимо получить санитарно-эпидемиологическое заключение на проект обоснования СЗЗ. В соответствии со статьей 17 Закон Республики Казахстан от 16 мая 2014 года №202-V ЗРК «О разрешениях и уведомлениях»для начала и последующего осуществления отдельных видов деятельности или действий (операций) физические и юридические лица обязаны иметь в наличии действительное разрешение или направить уведомление в государственные органы, осуществляющие прием уведомлений, в порядке, установленном настоящим Законом. В соответствии с приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 7 апреля 2023 года № 62 «Об утверждении Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к осуществлению производственного контроля» на производственных объектах должен проводиться «производственный» (ведомственный) контроль.	основании проектных расчётов рассеивания загрязняющих веществ и оценки физических факторов воздействия (шум, вибрация, электромагнитные поля при наличии источников); • окончательная граница СЗЗ будет определена по результатам годичного цикла натурных исследований и измерений для подтверждения расчётных параметров. Натурные исследования будут проводиться ежеквартально по приоритетным показателям, с учётом специфики производственной деятельности, на соответствие среднесуточным и максимально-разовым концентрациям загрязняющих веществ, а также уровням физического воздействия на границе СЗЗ и за её пределами. Только после подтверждения расчётных параметров по результатам годового цикла наблюдений будет проведена санитарно-эпидемиологическая экспертиза для установления окончательной СЗЗ. Проект обоснования санитарно-защитной зоны будет представлен на санитарно-эпидемиологическую экспертизу с получением соответствующего санитарно-эпидемиологического заключения в установленном законодательством порядке. Согласование проекта обоснования предварительной СЗЗ будет проведено в рамках вневедомственной строительной экспертизы в соответствии с положениями Кодекса «О здоровье народа и системе здравоохранения», предусматривающими проведение санитарно-эпидемиологической экспертизы проектной документации объектов, оказывающих воздействие на среду обитания и здоровье человека. Предприятие обеспечит получение всех необходимых разрешительных документов и направление предусмотренных уведомлений в государственные органы в соответствии с Законом Республики Казахстан от 16 мая 2014 года № 202-V «О разрешениях и уведомлениях». Осуществление деятельности будет начато только после получения соответствующих разрешений. В соответствии с приказом Министра здравоохранения РК от 7 апреля 2023 года № 62 на предприятии будет организован производственный контроль. Программа производственного контроля будет включать: контроль атмосферного воздуха на источниках и на границе СЗЗ; контроль уровней шума и иных физических факторов; соблюдение санитарных требований на рабочих местах; лабораторные исследования в аккредитованных организациях; ведение журналов учёта и представление отчётности в установленном порядке.
3	Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы	ҚР Су Кодексінің 50 бабы 3 тармағына және ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 20 маусымдағы № 142-НҚ бұйрығына сәйкес, «Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылысжайлар мен басқа да объектілерді орналастыруды, жобалауды және салуды, реконструкциялауды, сондай-ақ су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі	Қазақстан Республикасы Су кодексінің 50-бабы 3-тармағының талаптары орындалған. «Шыны сынықтарын қайта өңдеу және шыны ыдыс шығару зауытын салу…» жұмыс жобасы уәкілетті орган — ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Арал–Сырдария бассейндік су инспекциясымен келісілген, бұл 13.02.2026 ж. № KZ44VRC00027014 келісімімен расталады (Есептің 17-қосымшасын қараңыз).

		операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды жүргізу шарттарын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет аясында жоспарланған жұмыстардың жобасына инспекциядан келісім алу қажет. Жер асты немесе жер үсті суларын пайдаланған жағдайда, ҚР Су Кодексінің 45 бабына сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсат құжатын рәсімдеу қажет. Арнайы су пайдалану рұқсат құжаты, Су қорын пайдалануды реттеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларынбекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстарминистрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 216 бұйрығынаөзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 14 қазандағы № 264-НҚ бұйрығына сәйкес "Арнаулы су пайдалануға рұқсат" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесіне сәйкес рәсімделуі тиіс. ҚР Су Кодексінің 75 бабының 5 тармағына сәйкес қызметі су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға және су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, технологиялық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шараларды жүргізуге міндетті. ҚР Су Кодексінің 91 бабының 1 тармағының талаптарына сәйкес мұнай, химия заттарын және су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін басқа да заттарды тасуға және сақтауға арналған құрылысжайлар мен құрылғыларды судың ластануын болғызбауға арналған құралдармен жабдықтамай және тасу кезіндегі авариялардың салдарын жою жоспарларын бекітпей пайдалануға беруге тыйым салынады. ҚР Су Кодексінің 92 бабының 5 тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы жерасты суларын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті. Аталған баптың 8 тармағына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жерасты суларының ластануы мен сарқылуының алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.	Қосымша түрде «Оңтүстікқазжерқойнауы» Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаментінің № KZ50VQQ00237669 қорытындысы алынған, онда жерасты суларына теріс әсердің жоқтығы расталған. Қорытынды Есептің 16-қосымшасында келтірілген. Құрылыс кезеңінде жерүсті және жерасты көздерінен су алусыз, тасымалданатын сумен жабдықтау (техникалық және ауыз су) көзделген, бұл БСИ келісімінде көрсетілген. Осы жоба шеңберінде жерасты немесе жерүсті суларын пайдалану көзделмеген. Жобада су объектілерінің ластануы мен сарқылуын болдырмайтын ұйымдастырушылық және технологиялық іс-шаралар көзделген, оның ішінде: • су объектілеріне сарқынды суларды төгудің болмауы; • сарқынды суларды жинақтаушы сыйымдылықтарға жинау және кейіннен мамандандырылған ұйым арқылы шығару (құрылыс кезеңінде); • жерасты суларын ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар, бұл «Оңтүстікқазжерқойнауы» қорытындысымен расталған; • өндірістік бақылау шеңберінде су заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау. Осылайша, ҚР Су кодексінің 75-бабының талаптары сақталатын болады. Жобада технологиялық заттар мен материалдарды сақтау алаңдарының барлығы ластаушы заттардың топыраққа және жерасты суларына түсуін болдырмайтын инженерлік шешімдермен (герметикалық жабындар, ұйымдастырылған су бұру жүйесі, ықтимал төгінділерді оқшаулау) жабдықтау көзделген. Жабдықтар мен құрылыстарды пайдалануға енгізу жобада көзделген ластанудың алдын алу құралдары және авариялық жағдайларға ден қою жоспарлары болған кезде ғана жүзеге асырылатын болады. Осы жобада Су кодексінің 91-бабы талаптарының бұзылуына жол берілмейді. Жобаны іске асыру пайдалы қазбаларды өндіруді немесе жер қойнауын пайдалану шеңберінде геологиялық зерттеу жүргізуге байланысты операцияларды көздемейді. Жобада жерасты суларын ластану мен сарқылудан қорғау жөніндегі іс-шаралар көзделген, бұл геология саласындағы уәкілетті органның («Оңтүстікқазжерқойнауы») келісімімен расталған — жерасты суларына теріс әсер жоқ. Осы жоба шеңберінде су алу ұңғымаларын бұрғылау көзделмеген.
4	Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	Ескертулер мен ұсыныстар жоқ.	
5	Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	Ескертулер мен ұсыныстар жоқ.	
6	Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және	Ескертулер мен ұсыныстар жоқ.	

	жер қатынастары басқармасы		
7	Қызылорда облысы бойынша экология департаменті	1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ҚР 02.01.2021 ж. №400-VI Экологиялық кодексінің 397-бабында көзделген экологиялық талаптарды сақтау. 2. Қалдықтармен операцияларды орындау кезінде Экологиялық кодекстің 329-бабына және 358-бабына сәйкес иерархия қағидаты ескерілсін, сондай-ақ қалдықтарды пайдаланудың баламалы әдістері көзделсін. 3. Жер, көлік жұмыстарын орындау кезінде шаңды басу жөніндегі іс-шараларды көздеу. 4. Санитарлық-қорғаныш аймағында көгалдандыру іс-шараларын қарастыру. 5. Ұсынылған құжаттарға сәйкес 20.02.2026 ж. сағат 15:00-да қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда. Осыған байланысты Кодекстің 73-бабының талаптарын, сондай-ақ ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 03.08.2021 ж. №286 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының» талаптарын сақтау қажет.	Шыны ыдыс зауытын салу жобасын іске асыру пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуді көздемейді. Жобада топырақ пен жерасты суларының ластануын болдырмау жөніндегі іс-шаралар көзделген, бұл геология саласындағы уәкілетті органның («Оңтүстікқазжерқойнауы» қорытындысы) келісімімен қосымша расталған — жерасты суларына теріс әсер жоқ. Құрылыс және пайдалану кезеңдерінде қалдықтармен жұмыс істеу барысында Есепте Экологиялық кодексте белгіленген қалдықтар иерархиясы қағидатын сақтау көзделген, атап айтқанда: • қалдықтардың түзілуін болдырмау немесе азайту; • қалдықтарды түзілу көзінде бөлу; • қалдықтарды өндірістік процеске қайтару арқылы қайта пайдалану; • рециклинг — қалдықтарды жаңа шикізат немесе өнім түрлерін алу мақсатында өңдеу; • қалдықтардың қоршаған орта үшін қауіптілігін төмендету мақсатында залалсыздандыру; • қалдықтарды көму — қалдықтарды басқарудың ең төмен басым баламасы. Толық ақпарат Есептің 6.1.7-бөлімінде келтірілген. Кәсіпорынның негізгі қызметі шыны сынықтарын қайта өңдеуге бағытталған, бұл қалдықтарды көмуді қысқарту және қайталама ресурстарды шаруашылық айналымға тарту қағидатына сәйкес келеді. Түзілетін қалдықтар бөлек жинақталып, шарттар негізінде мамандандырылған ұйымдарға берілетін болады. Қалдықтарды пайдаланудың баламалы тәсілдері олардың техникалық және экономикалық орындылығын ескере отырып қарастырылатын болады. Құрылыс кезеңінде шаң түзілуін төмендету жөніндегі келесі іс-шаралар көзделген: • топырақты және уақытша жолдарды ылғалдандыру; • құрылыс алаңында автокөлік қозғалысының жылдамдығын шектеу; • автокөлік дөңгелектерін уақтылы тазалау; • сусымалы материалдарды тасымалдау кезінде жабу; • инертті материалдарды желмен ұшуды барынша азайта отырып сақтау ұйымдастыру. Аталған шаралар атмосфералық ауаға әсерді барынша азайтуға және санитариялық-қорғау аймағының шекарасында нормативтердің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобада кәсіпорын аумағын кешенді абаттандыру көзделген. Жобалық шешімдермен өңірдің климаттық жағдайларына төзімді ағаш және бұта түрлерін (көк терек, үйеңкі, қайың, тамариск, жыңғыл), сондай-ақ абаттандырылатын учаскелер шегінде көгалдар мен гүлзарлар отырғызу көзделген. Көгалдандыру шаңдануды азайтуға, шу деңгейін ішінара төмендетуге және кәсіпорын периметрі бойынша қорғаныш жасыл белдеу қалыптастыруға ықпал ете отырып, қорғаныш және санитариялық-гигиеналық функция атқарады.

			Кәсіпорын аумағы толық қоршалатын, бақылау-өткізу пунктімен және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес сыртқы жарықтандыру жүйесімен жабдықталатын болады. Осылайша, жоба экологиялық және санитариялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, кәсіпорын аумағын абаттандыруды, көгалдандыруды және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар 20.02.2026 ж. сағат 15:00-ге белгіленген, бұл ресми хабарландыруда көрсетілген. Қоғамды ақпараттандыру белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Қоғамдық тыңдауларды өткізу хаттамасы 24.02.2026 ж. ұсынылатын болады. Қоғамдық тыңдаулар рәсімі ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабына және 03.08.2021 ж. № 286 бұйрықпен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мыналар қамтамасыз етіледі: • хабарландыруды уақтылы жариялау; • Ықтимал әсерлер туралы есеп материалдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету; • қатысушыларды тіркеу; • хаттама жүргізу; • ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесін қалыптастыру; • материалдарды уәкілетті органға белгіленген тәртіппен жолдау. Заңнаманың рәсімдік талаптары толық көлемде сақталатын болады.

*Қоғамдық тыңдаулар **барысында** түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі*

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ»)
1	**Кушимбаева А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Негізі бізде стеклотараға сұраныс бар ма? Өндіріс жасаймыз дегенге. Банкілерді ғана ма, бөтелкені де жасайсыздар ма?	**Асанов Даулет (жобалаушы, эколог):** Стеклотараға сұраныс өте көп, негізі қазір көбісі Ресейден келіп жатыр Қазақстанға! Арақ-шарап өндіретін зауыттар каждый облыста бар, соктарды, шырындар дайындайтын компаниялар бар, сүт сататындар бар, олардың барлығына бұл керек. Екіншісі, жалғыз ғана бөтелкелер емес қой, солениены барлығымыз жасаймыз, банкілер керек жыл сайын, соны да жасайтын болады. Екіншісі, кәсіпорындардан арнайы талаптар болса, стеклодан жасалған, мысалы кислотаны құюға, технологиялық түрлі растворларға, сол үшін қолданады. Сұраныс көп негізі. Бөтелкені де жасамыз, банкіні де, арнайы шыныларды да,	Алынып тасталған ескерту

		лабораторияда банкілер де, склянкалар да керек, неше түрлі. Әртүрлісін жасауға болады формаға құйып.	
2	**Кушимбаева А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Жергілікті халықты жұмыспен қамту 300 адам ба?	**Асанов Даулет (жобалаушы, эколог):** Бұл тек қана өндіріс кезінде, еще құрылыс кезінде қаншама адам керек болады, егер зауыттың барлық объектілері мысалы үшін, бір қалыпта салынса, онда 500-600 адам керек болып қалуы мүмкін, егер де бірінен кейін бірін біртіндеп салса, примерно 300 адамға дейін қажет болады құрылыс кезінде.	Алынып тасталған ескерту
3	**Асылбеков А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Полигонға тасымал жолы қай жермен жүреді? Қаланың ішімен бе? Белкөлдеғой ол полигон!	**Асанов Даулет (жобалаушы, эколог):** Арнайы бекітілген жолдармен жүреді. Қаланың ішімен жүреді, бірақта тасымалдаған кезде полигонға тек қана қатты тұрмыстық қалдықтар жүреді, қалғандарының барлығын біз өңдеуге қайта тапсыруымыз керекпіз, ол зауыттар Шымкентте, Алматыда, Қарағандыда орналасқан. Келісім-шарт бойынша сол мекемелерге тапсыруға тура келеді.	Алынып тасталған ескерту
4	**Асылбеков А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Сұрап отырған себебім, сіздер оны полигонға жолдармен тасисыздар ғой, сол кезде орталық көшелермен жүресіздер ғой, сол қалай болады?	**Асанов Даулет (жобалаушы, эколог):** Оны арнайы полиция департаментімен согласование алып, жолдың маршрутын айналмалы жолдармен келісуге болады, әрине қаланың дәл ортасына қалдықтарды ешкім жүргізіп қоймайды ғой!	Алынып тасталған ескерту
5	**Кушимбаева А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Жұмыс басталды ма? Биыл ма?	**Асанов Даулет (жобалаушы, эколог):** Әлі бастай алмаймыз, өйткені рұқсаттық құжаттамаларды алған жоқпыз, бұйырса апрельден басталып кетуі мүмкін. Биыл деп өзіміз жоспарлап отырмыз. Негізі құрылыс мерзімі бір жыл, 2027 жылы бәрі дұрыс болып жатса, іске қосылып кетуі мүмкін.	Алынып тасталған ескерту
6	**Асылбеков А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Инновациялық жоба ғой, иә?	**Асанов Даулет (жобалаушы, эколог):** Әрине, бұл өте таза технология, осы жерде жобаның басшысы бар, Александр деген кісі, Еуропадан келіп отыр, көптеген осындай жобаны жобалаған, енгізген адам. Технологияның бәрін жақсы біледі, ең передовой технологияны әкеліп отыр. Кешеден бері сөйлесіп жүрмыз, бұл зауыт лего конструкторы сияқты, әртүрлі Еуропаның елдерінен установкалар келіп жатыр.	Алынып тасталған ескерту

7	**Асылбеков А. (Қызылорда қаласының тұрғыны):** Бізде бұған дейін шыны зауыты ашылды, енді сіздер қатты қалдықтарды өңдеу үшін бізде Қызылорда қаласында мамандар бар ма? Бұны салып кету абзал енді, керек, бірақ осы мамандарды Қызылордадан тартуға әрекет жасалды ма, жасалған жоқ па?	**Ермекбаев А.С. («Seven Rivers Technologies» ЖШС-інің өкілі):** Сұрағыңызға рахмет, осы жоба басталған кезде, зерттеген кезде біздегі агроколледжбен меморандумға қол қойғанбыз, бізге керек мамандарды стекольный производствоға олар дайындап береді, бірақ дуальное образование болады, теорияны колледжде береді, практикасын біздің зауытқа келіп, бізден өтеді. Содан соң керекті оператор, технологтарды Еуропаға жіберіп, практиканы өткен соң өзімізге қайтып аламыз. Келісім-шартты дайындап жатырмыз, оқып болғаннан кейін 5-6 жыл тұрақты бізде жұмыс жасайды.	Алынып тасталған ескерту
